

Сұлутөр ауылдық округінің Көктөбе ауылындағы көше атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Сұлутөр ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 14 тамыздағы № 5 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 тамызда № 3514 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2017 жылғы 29 наурыздағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Сұлутөр ауылдық округінің Көктөбе ауылындағы Чапаев көшесі Қарақия болып өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Сұлутөр ауылдық округі әкімі аппаратының бас маман қаржы агенті Г.Бердиеваға жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Е. Мырзагулов